



ҚАЗАҚСТАН – ҚЫТАЙ КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ ФОРУМЫ

экономикалық даму кепіліне жол салмақ

Серік ҚҰСАНБАЕВ

Мамырдың 17-і күні Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ бас корпусының мәжіліс залында Шығыс Қазақстан облысы және Қытай Халық Республикасы іскерлік топтарының халықаралық форумы өз жұмысын бастады.

Аталмыш форум облыс әкімі Ж. Кәрібжановтың баяндамасымен ашылды. Жәнібек Сәлімұлы халықаралық деңгейде өткізіліп отырған екі елдің іскер топтарының бұл бас қосуын ел экономикасының болашағына маңызы аса зор екендігін атап өтті.

Жалпы, 2005 жылмен салыстырғанда 2006 жылы облыстың сыртқы товар айналымы 1,6 есеге өсіп, 2,5 миллиардтан астам АҚШ долларын құраған. Облысымыздағы шаруашылық субъектілері өлемнің 80-нен астам елімен сауда, өріптестік қарым-қатынас жасаса, оның ішіндегі ең ірі сауда өріптестеріміз Ресей (сыртқы сауда айналымының жалпы көлемінің 29,5%-ы) мен Қытай (жалпы көлемнің 21,4%-ы) мемлекеттері.

ҚХР мен ШҚО арасындағы товар айналымы 2006 жылы 543,2 миллион АҚШ долларын құраған. Оның 464,1 миллион доллары экспорт, 79,1 миллион доллары импорт. Шығыс Қазақстан облысынан Қытайға экспортқа шығарылатын товарлардың

негізгілері өңделмеген мырыш, мырыш концентраттары мен кең алюминий мен өңделмеген қорғасын, қара металл сынықтары мен қалдықтары, титан және одан жасалған өнімдер, рафинадалған мыс. Ал Қытайдан әкелінетін товарлар: әр түрлі мақсаттағы автомобильдер, қоғамдық көліктер, бульдозерлер, минералды және химиялық тыңайтқыштар, жиназдар және басқалар.

Жоғарыда келтірілген деректер мен көрсеткіштер ШҚО әкімі Ж. Кәрібжанов мырзаның байсалды баяндамасында кеңінен қамтылды.

Баяндама барысында Жәнібек Сәлімұлы қазіргі уақытта Шығыс Қазақстан облысында аймақтағы кәсіпкерлік климатты жақсарту мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстарға да

тоқтала кетті. Атап айтар болсақ, құрамына облыстағы жетекші кәсіпорындардың директорлары, қаржы институттарының өкілдері мен кәсіпкерлер енген экономикалық кеңес құрылған. Кеңестің негізгі міндеті – облыстағы кәсіпорындардың экономикалық өсуі мен оның өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін аумақтық дамудың стратегиясын жүзеге асыруға айырықша ықпал ету.

Облыстың Өскемен және Семей қалаларында бизнесті дамыту аймақтары құрылып, оның жұмысының нәтижесінде бәсекеге қабілетті экспортқа бағытталған өнімдер шығаратын жаңа өндірістер құрылмақ. Аталған жобаларды жүзеге асыру үшін екі жүз гектар жер бөлінді. Жобаның негізгі

идеясы – инфрақұрылымы дамыған (электр және жылу желілері, телекоммуникациясы тартылған, сумен қамтамасыз етілген) жер телімдерін бөлу жолымен жергілікті және шетелдік инвесторларды тарту.

Инвестициялық келісімге отыру кезінде, егер жоба барлық талаптарға жауап беріп, инновацияға негізделсе инвесторға салықтық жеңілдіктер ұсыну мүмкіндігі қарастырылған. Инвестор кедендік баж салығының бір бөлігінен босатылады, сондай-ақ мемлекеттік грант ұсынылады.

Шығыс Қазақстан мен ҚХР арасында сауда, экономика саласында, сондай-ақ ғылым және мәдениет саласында өлі де жүзеге аспаған әлеует бар. Аталмыш форум осы мәселелердің жақын



арада шешілуіне негіз болады деп баяндамасын тұжырымдаған облыс әкімі форумға қатысушы екі мемлекеттің азаматтарына ынтымақ-бірлік, өзара түсіністік және жұмыстарына табыс тіледі.

Одан соң сөз алған Қытай бизнесмендері ассоциациясының төрағасы Ли Юй Хун, Қытай халықаралық өріптестер компаниясы бас директорының орынбасары Лю Юаньцзун, ҚХР-дағы ҚР елшілігінің кеңесшісі К. Сарсебаев мырзалар осы форумның өтуіне бірден-бір себепкер болған ШҚО әкімі Жәнібек Сәлімұлына, форумға қатысушыларға, қонақжай қазақ халқына және облыс басшысының орынбасары, форумды жүргізуші А. Тәженов мырзаға ризашылықтарын білдірді.

Осы жерде халықаралық

форумды үш тілде (қазақ, қытай, орыс) емін-еркін жүргізген А. Тәженов мырзаның қабілетіне залда отырғандардың барлығы төңті болды.

Түс ауа форумның пленарлық және секциялық бөлімдері ШҚМТУ-дың «Алтай» технопаркінде өз жұмыстарын жалғастырды. Әр саланың маман кәсіпкерлері екі жақты ұсыныс-пікірлерімен алмасты.

Осы күні ШҚО әкімі Ж. Кәрібжанов ҚХР-дың жетекші кәсіпкер мамандарын жеке қабылдап, форумда көтерілген мәселелердің болашағы, алға қойылған мақсаттардың іске асуы жайында алқалы жиын өткізді.

Суреттерді түсірген
А. МАЗНИЦЫН.